

"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 231 қаулысы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4539 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы

Д. Жаналинов

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 231 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы 23 қазандағы
№ 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

№	Әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған (қызғылт) кекіре	арам сояулар	калифорниялық қалқаншалысымыр	қауыншыбыны
1.	Арал ауданы	85,5	7,5	0	5	73
2.	Қазалы ауданы	266,505	4	34,005	8,5	220
3.	Қармақшы ауданы	416,76	15	273,26	8,5	120

4.	Жалағаш ауданы	1189,02	40	958,02	9	182
5.	Сырдария ауданы	497	20	304	5	168
6.	Шиелі ауданы	838	75	95	8	660
7.	Жаңақорған ауданы	1243	35	843	10	355
8.	Қызылорда қаласы	99,9	0	71,9	11	17
Барлығы		4635,685	196,5	2579,185	65	1795

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК